

АКМЕШТІ жастары

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Магжан

№ 45 (478)

10 қараша, 2022 жыл

Ғалымжан ҚАРАМАНҰЛЫ, журналист:

– Лондон қазақ
баласын қалай қарсы
алды?

– 2015 жылы «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты атандым. Сынақтардан сүрінбей өтіп, алдымен академиялық тіл курсы оқыдым. Англияның 3 қаласы, атап айтсаң, Сауттемтон, Лондон және Лестерде өмір сүріп көрдім. Одан кейін Шотландияның Глазго қаласындағы әлемдегі озық университеттердің бірі Глазго университетінде медиа менеджмент мамандығы бойынша білім алдым. Стратегиялық өзгерістерді басқару, медиа экономика, маркетинг және менеджмент, аудиторияны басқару бойынша мәселелер, зерттеу әдістері, медиа және мәдениет саясаты бағытындағы білімді терең меңгердім. Нәтижесінде оқуымды сәтті аяқтап, магистрлік диплом алдым.

– Университетте оқи жүріп, «Хабар 24» телеарнасымен тығыз байланыста болдым. Ұлыбританияда болып жатқан жаңалықтарды журналист әрі оператор ретінде өзін қамраға түсіріп, өзін монтаждап, ақпарат жіберіп отырдым. Оқуым аяқталысымен шығармашылық әріптестігіміз жалғасып, осында қалу мүмкіндігі туы.

Қазір Лондонда отбасымен бірге өмір сүріп жатырмын. Лондонда тіліне, түсіне, дініне қарап аламыз. Бастысы тәртіпке бас ісенді, заңды түрде жұмыс істеу ықпалы болса жеткілікті. Үш ұлым, бір қызым бар. Үш балам мемлекеттік мектепте,

тұңғышым колледжде ағылшын тілінде оқиды. Қызым Қаусар қазақ телевизиясындағы тұңғыш балалар арнасы «Валар»-да «Мисс Қаусар» атты ағылшын тілін үйрететін бағдарламаны жүргізеді. Келіншегі Марина Бекенова – «Qazaqstan» ұлттық арнасының Лондондағы тілшісі. Отбасымыздың қызметі қазақстандық медиамен тығыз байланыста десек болады.

– Тұған жерден
адамнан білгіміз келеді.
Қызылорда сіз үшін...?

– Қызылорда – туып-өскен, өсіп-өнген жерім, балалық, жастық шағым өткен өңір. Қызметтегі алғашқы қадамдарым да осы қалада басталды. 2000-шы жылдардың басында «Қызылорда қоғамдық телеарнасында» (ол кезде «Қала ТВ» аталған) Шекизада Әбдіқаримовтың басшылығымен «Болашақ» жастар бағдарламасын дайындадым. Одан кейін «Бізбен бірге болыңыздар», «Күзгі шеру», «Бәрекелді», «Қаранбег» және басқа да жобаларды әзірлеп шығардым. Осында «Болашақ» жастар сериалын түсіріп, алғаш рет

режиссерлік қырымды сынап, шыңдап көргенім де есімде. Одан кейін «Qyzyldor» облыстық телеарнасында редактор, аға редактор, директорын орынбасары қызметтерін атқардым.

Мен үшін Қызылорда қашанда ыстық, біртүрлі пірлерді. Жұрт жағдай демалысын шетелде өткізіп жатса, жылда отбасымызбен міндетті түрде Қызылордаға барып, ауасын

«Қызылорда жастары
жұртқа
жүздейді»

жұтып, күніне күйіп қайтқанды жөн көреміз. Ең бастысы мұнда біздің туған-туыстарымыз тұрады. Лондон өмір сүру сапасы жағынан дамыған, экологиясы тамаша әлем астанасы болғанымен кіндік қанымыз тамған Қызылордаға жетпейді...
– Сіздің үйіңізде қандай да бір отбасылық ережелер,

принциптер бар ма?

– Ұяда не көрдік, ұшқанда соны іліп жүрміз. Өкешеміздің берген тәрбиесі мен білімі біз үшін өте маңызды. Оны балаларымызға да үйретудеміз. Үй болған соң кешесінен кешесіне сылдырламай тұрмайды. Бірақ ақылға салып, ұрыс-керіс шешу керек деп ойлаймын. Қоғамда көбіне әлеуметтік мәселелер отбасылардың шырқын бұзып жүр. Жұмыссыздық белең алып, несие төлей алмай жатқан жанұя мүшелері арасында араздық өрши түседі.

Астанада тұрғанымызда біздің де пәтер сығалап жүрген кезіміз болды. Лондонда да үй-жайымыз жоқ, жалдап тұрамыз. Өзім қосымша 5 жерде фрилансерлік жұмыс істеймін. Өйтпесе, қымбат қалада өмір сүру мүмкін емес. Балаларымды да еңбекқорлыққа тәрбиелеп жатырмын. 17 жастағы үлкен ұлым Әлішер колледждегі оқуына 3 күн барып, 2 күн жергілікті мейрамханада кассир болып жұмыс істейді. Пәтердің ай сайын төленетін салығын жабуға жәрдемдеседі. Ал 10 жастағы Қаусар қызым ағылшын тілін үйрететін курстары бар

қазақстандық компанияның инстаграмдағы бренд-амбассадоры. Яғни, «Валар» телеарнасынан белек, блогер ретінде еңбек етіп жүр. Біздің отбасымыздағы басты ереже – еңбекқорлық.

– Шетелде жүрсеңіз де, таза қазақша сөйлеп, қазақтың нақышын кийіп жүресіз. Жалған намыссыз, фанатизмсіз нағыз қазақлықтың үлгісі. Осындай өмір салтына не түрткі болды?

– Англияда тұрсаңыз да балаларыңызбен қазақша сөйлеседі екенсіз деп жазатын оқырмандарым көп. Ана тілімізде сөйлеспесек, кім болғанымыз?! Қазақстанда өмір сүрсе де ұл-қыздарымыз орысша түсінісетіндер көп деп ренжідік олар. Өзім де соңғы уақытта әлеуметтік желілерден байқап жүрмін. Тіпті, кейбір әріптестеріміздің өздері де қазақтілді журналист бола тұра балаларына орысша шүлдірлейді.

«Қазақ тілді орта жоқ. Аялауда, қонырау кезінде бәрі орысша сөйлеседі. Сол тілде мультифильм көреді» деп ақталды олар. Құдай-ау, Лондонда орта жоқ десек жарасады, бәрі ағылшынша. Бірақ мен ғана емес, үнділер, аустралдар, пәкістандықтар өз тілі мен мәдениетін сақтап жүр ғой. Сіз де сөйтіңіз. Балаңыздың ана тіліне деген құрметін арттырып, қазақша сөйлесіңіз деймін оқырмандарыма. Өзім қазақтықтың жанынан да, қандан да жоғалтудың үлгісі болғым келеді.

– Әдемі өңімгеіңіз рақмет, Ғалымжан аға!

Сұқбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ

Қазіргі таңда кәсіпкер жобасына қолдау білдіретін мемлекеттік бағдарламалар жетерлік. Мәселен, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры», сондай-ақ «Бизнесті Бастау» жобалары іс бастауға ниетті жанға демеу.



Кәсіп пен Нәсіп жолы



Жақында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» бірнеше нысанға пресстүр ұйымдастырды. Аталған мекеме «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктер арқылы пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру бойынша көмек көрсетеді. Бір топ журналист алдымен Жұмабек Садуақасовтың құрылыс нысанына бет бұрды. Кәсіпкер өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен «Сербанк» арқылы 70 миллион теңге несие рәсімдеген. Бүгінде 14 проценттік

шәхмат белмесі, хореография, музыка залы мен ағылшын сыныбы да бар. Қазір екінші бір топ пірлерді. Барлығы дерлік кулинариялық шеберлік дәрістерін оқыған. Біздің келесі барған кәсіпорынымыз да қондырғы өнім шығаруға ден қойыпты. Мұның ерекшелігі, шінде жартылай дайындалған өнімдерді табасың. Кәсіпкер Алтынай Елеусізованың арнайы мамандарды дайындайтын ғимараты да бар.

Бүгінде көз ауруы жиі тіркеледі. Облысқа тағымалы «Шырақ» орталымының орталығына бас сұққанда осыған тағы бір көз жеткіздік. Себебі сабын жетектеген аналардың қарасы көп. Орталық аппараттардың көбітеу, көз жанарын жақсартуға үлес қосатын құрылғыларды алу мақсатында қол көмегіне жүгінген. Мұнда науқастарға ота да жасалады. Отадан кейінгі күтімге дәрігерлер қарастырылған. Мүмкіндігі пайдаланған орталық несие қаржысына соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар алып, осылайша қызмет асыны кеңейтіп отыр.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Жұмарт Ермағанбеттің айтуынша, биыл төлеген субсидия көлемі 1 млрд 881 млн теңгені құрайды. «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» мен «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларын кредиттеу тегін шешіміне облыс кәсіпорындарына пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру бойынша қолдау көрсетіледі. Осы уақытқа дейін 143,4 млрд теңгеден астам несиемен сыйақы мөлшерлемесі субсидияланған.

М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

Baspasözge jazylý-2023
6 аяға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425.
40-11-10 нөміріне
хабарласып,
үйден жазылуға
болады.


КҮМІС САПА МЕРЕРІ
«TISOD»



Елордадан жағымды жаңалық келіп жетті. Дамуға ынталы жастар орталықтарының үздіктері анықталды. Жеңімпаздар қатарында сапалы қызмет көрсетіп, жастардың алға жылжуына үлес қосқан қызылордалық «Qosyl» да бар. Жерлерімізге күміс жүлде бұйырды. Бұл қала жастарының белсенділігін байқатады.

Қыран орталықтың ерекше форматына тоқталған еді. Шынында бір фестиваль арқылы мобилгограф әдемі бейнелер базасы жаңарды, кәсіпкерлер жас мобилгографтармен танысып, оларға вакансия ұсынды. Қыранның «Qosyl-ды» ерекше форматта жұмыс істейтін деп бағалауы бекер емес. Биткені «Qosyl-дың» тұрақты жобаларына айналған «Qosyl account» шығармалар жастардың өн көші. «Qoldau» волонтерлер тобының жұмыстары күміс сапаны алуға септігін тигізип тұр. Енді сапа белгісін иемденген «Qosyl» «Ұлттық жастар орталықтарының лигасы» құрамына кіріп, өзгелерге үлгі болмақ.

Ерасыл ШӨРІБЕК



Қазіргі кезде балаларға қойылатын талапты бұрынғымен салыстыруға келмейтіні анық. Бір мезгіл сабағына барып келіп, қалған уақыты ойынмен жалғайтын алдыңғы буынның бүгінгі оқушыларға қарағанда еркіндік көп болған тәрізді. Себебі мектептен тыс уақытта да қосымша білім алу, түрлі үйірмелерге қатысу, тіпті жеке мектептерде күн бойы кітапқа үйілу жаңа заман баласының күн тәртібінде тұр. Ал сол міндеттерді орындаудың алғышарты ауыр сөмкеден басталады. Бұл мәселе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты да бей-жай қалдырған емес. Бұған дейін Мемлекет басшысы мектеп оқушыларының сөмкесі тым ауыр екенін, аталған мәселені цифрландыру арқылы шешу қажеттігін ұсынды. «Балалар оқулыққа толы ауыр сөмке тасуға мәжбүр деген шағымдар көптеп түседі. Бұл балалардың денсаулығына кері әсерін тигізетіні анық. Сондықтан оқу материалдарын цифрлы

форматқа ауыстыруды жеделдету қажет деп санаймын», – деді Президент. Осыдан соң Үкімет басшысы Әліхан Смаилов балаларды ауыр сөмке тасудан босатуы тапсырды. Ал Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин 2023 жылы 400 мыңнан астам бірінші сынып оқушысын планшетпен қамтамасыз етуді ұсынды.

“Ауыр рюкзактар мен мектептердің цифрландыру деңгейін арттыру мәселелері планшет қолдану арқылы шешімін табуы мүмкін. Планшеттер цифрлық оқулық ретінде немесе онлайн оқу құралы ретінде қолдануға оң әсерін тигізеді”, – деді Бағдат Мусин. Министр мұндай әдіс біртұтас дамыған елдерде жүзеге асырылғанын, айталық Ұлыбритания, Норвегия, Оңтүстік Корея, Түркия мектептерінде жақсы нәтиже көрсеткенін атап өтті.

– Мектепке асынып сөмкеміздің салмағы арқамызға едәуір күш екені рас. Себебі

сабаққа күніне жеті кітап алып барамыз. Дене шынықтыру пәні болатын күндері тіпті ауырлап кетеді. Карантин уақытында электронды жүйенің көмегімен онлайн оқу бізге тиімді болды. Бірақ, мектептердің техникалық базасы цифрлық жүйеге ауысса оқушылар үшін бұл оң шешім болатын ықпал, – дейді №82 орта мектептің оқушысы Гүлім Жұмабек.

Әр ата-ананың бала денсаулығы үшін жауапты екені және сол үшін алаңдайтыны рас. Негізінде оқушыларға зиян келмес үшін мектеп сөмкелерінің стандарттық салмағы, өзіндік нормалары бекітілген. Айталық, елімізде оқушының сөмкесіндегі заттың салмағы бала салмағының 10%-ын ғана құрауы қажет. Мысалы, оқушының салмағы 25 келі болса, сөмкедегі зат 2,5 келіден аспауға тиіс. Мамандар осы тепе-теңдік сақталған жағдайда бала денсаулығына қауіп төнбейтінін айтады. Сондай-ақ оның иыққа ілер тұстағы жолақтың жалпақ болуы маңызды. Осы орайда ресейлік мамандар төменгі сынып оқушыларының сөмкелері 1200 грамның шамасы болғаны дұрыс екенін алға тартады. Өз кезегінде ресейлік санитар-мамандар бастауыш сыныпқа арналған оқулықтардың салмағы 300 грамнан, 5-6 сыныптар үшін – 400 грамнан, 7-9 сынып оқушыларына – 500 грамнан аспауы керектігін есептеп шығарған. Сонымен қатар сөмкені арқаға іргенде сөмке екі иыққа бірдей ілінуі керек. Ал МКС қаласында бастауыш сынып оқушылары үшін сөмке салмағы 600-700 грамнан, ал орта және жоғары сынып оқушылары үшін 1 келіден аспау қажет деген норма бар. Ал АҚШ-тың тұтыну өнімдерінің қауіпсіздігі жөніндегі комиссиясы жыл сайын сөмкеге байланысты жарақат алған 5 мың бала Төтенше жағдайлар басқармасына жіберілетіні және 14 мыңнан аса бала сөмке артынан жарақат алған жарақатына байланысты емделетіні айтылған. Американың Ортопедиялық хирургтер академиясы дұрыс пайдаланылмаған сөмкелер бұлушықттар мен буындарды зақымдауы және арқа, мойын және иықтың қатты ауырынуына, сондай-ақ иығасын қалыңға өкелуі мүмкін екенін жариялап, дабыл

қағуда. Бізде де бұл мәселеге қатысты арнайы норма қарастырылған. Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы бұйрығымен «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының 74-тармағына сәйкес күнделікті оқу жиынының салмағы: 1-3 сыныптардың білім алушылары үшін – 1,5-2 келі, 4-5 сыныпқа – 2-2,5 келі, 6-7-сыныпқа – 3-3,5 келі, 8-11(12)-сынып оқушылары үшін 4-4,5 келі болып бекітілген. Алайда бұл бақылау үшін

– Балалар үшін мектеп сөмкесі ұстау ыңғайлы, себебі барлық оқуға қажетті құралдары қолжетімді болады. Өзіміз де сөмке арқадап, білім алған соң сөмкенің болғанын қалаймын. Алайда қазір балаларға артылар жауапкершілік жүгі ауыр. Мысалы, бір күнде сабақ кестесінде алты пән болса, алты кітаптан жоса дәптерін, денешынықтыру сабағына қажет киімді ала бару қажет. Бастауыш сыныптың оқушылары үшін мұның қаншалықты ауыр салмақ екенін осыдан-ақ бағамдауға болады. Сондықтан цифрлық жүйенің тиімділігі жоғары деп ойлаймын, – дейді алты баланың анасы Ләйла Үримова.

Дерігерлердің сөзіне сүйенсек, ауыр салмақтағы сөмкенің бала денсаулығына тигізетін бірнеше зияны бар.



балалардың мектеп портфельдерін өлшеуге қойылатын талаптар жоқ. Сондықтан білім беру объектілеріне қатысты арнайы тексеру жүргізілмейді. Министрлік оқушыларда ауыр сөмке әсерінен пайда болатын аурулардың алдын алу үшін сөмкелердің салмағын мониторингтеу жергілікті білім басқармалары және ата-аналармен бірлесіп жүзеге асырылуы керек деп санайды.

Біріншіден, артық салмақ баланың қан қысымын қалыптан шығуына әсерін тигізеді. Өлі қатайып үлгермеген оқушының кеудесі сүйектерінің қисаюына, соның салдары мидың қалыпты жұмыс жасауына кедері келтіреді. Іштелдік зерттеушілердің сөйкестеріне сүйенсек, дұрыс таңдалмаған мектеп сөмкесі 50% скеліоздың пайда болуына өкелді. Сондай-ақ сөмкені үнемі бір иыққа асып жүрудің де зардабы көп. Өйткені ауыр салмақ бір иыққа түсіп дене сүйей бір жаққа қысқарған әсерінен бүйрек жұзеті менарапайды.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

Өткен ғасырдағы ортақ меншік, жалпыға бірдей иіліктің дәуірі өтті. Нарық қағидасында әрбір азамат алпауыт компаниядан шағын цехқа дейін дербес иелік өте алады. Тіпті, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекет меншігінде болған нысандар жеке адамның иелігіне көшіп, экономиканың жаңа белесі басталғаны бар. Бүгінде бұл үрдіс жаңа сипатқа өніп, қойылатын талап түрленген.

Көбісі жекешелендіру үрдісі өткен ғасырдың соңындағы өзгеріс деп түсінетіні жасырын емес. Алайда аталған кәсір де саяси шешім жалғасуда. Мәселен, мемлекет бірнеше жыл көлемінде жекешелендірудің жаңа толықны бастап, стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар нысандарға дейін жеке меншігін беруді көздеп отыр. Мұның тиімді-тиімсіз тұсы туралы талқы көп, алайда экономикалық пайдасына өшкім шек келтіре алмайды.

Мәселе – қанда. Яғни, нысандың нарықтық бағасында. Алаң да осы тұста туып отыр. Себебі, 90-жылдардың бас кезінде көптеген балабақша, мектеп, әлеуметтік нысандар азаматты қаржыға жекеңі қолына өтті. Ақшасы бар қос қостан кәсіпорын алып, бір сәтте табысты адамға айналып шыққан оқиғалардың күсі де болды. Қаншама қаңыраған балабақша, мәдениет үйі, кітапхана бір-ақ сәтте сәулетті мейрамхана мен тоиханаға айналып шыға келді. Өрине, сол кездегі Үкімет тәжірибенің аздығы, халықтың сатып алу әлеуетін де ескерген болар, салаға аса маңызды талап қоймады. Кейін бейберекет қолды болған нысандарды миллиондаған қаржыға

көрі сатып алды. Мұндай қателік қайталанбас үшін жекешелендірудің жаңа толықны бастап пен күн ерекше бақылауға алынған. Сонымен, жекешелендірудің жаңа толықны жүруде. Тісті министрлік «2021–2025 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық меншіктегі ұйымдардың тізбесін» жекеңі меншігін өтуі ықтимал нысандар тізімін қариялаған болатын. Мәселені реттеу үшін Үкімет арнайы қаулы қабылдап, жобаның жүзеге асу жолын жүйелуге таппынды. Аталған қаулы өткен жылдан бастап күшіне енді. Бұл жолғы өзгеріс те тым ерек. Сала мамандарының сөзінше, өңір басшылары екімдік қарасты кәсіпорын компанияны қалаған кәсіпкерге беріп, онымен МЖӨ келісіміне отыра алады. Бұл «бармақ басты, көз қысты» әрекет белең алады деген сөз емес. Есеп пен сұрау жетерлік. Мәселен, министрлік жылына екі мәрте ашық алаңда есеп беруді міндеттеген. Оған сәйкес қандай актив



қаншаға сатылғаны, қай кәсіпорын инвесторлардың қызығушылығын тудырмай, жойылғаны, қайсыларының МЖӨ жобасына айналғаны туралы толыққанды есеп ұсынылады. Бұл бақылау ғана емес, талдау жүргізуге де жол ашары анық. Реті келгенде айта кетейік, 2021–2025 жылдары 137 республикалық меншік жекеге өтпекші. Бұл толық цифр

емес, тізбе ұлғаюы мүмкін. Ал ірі ұлттық компаниялар ауруханалармен әріптестік немесе IPO-ға шығу жолымен жекешелендірілмек. Екінші толықның пайдасы тек қаржыда емес. Жоба аясында сәтсәз компанияларды өзара біріктіріп, жүйелі басқару формасын жасауға мүмкіндік туған. Бұл өзгеріс туралы қаржы ведомствосы мәлімдеген.

Жекешелендірудің екінші толықнында «ҚазАгро» мен «Бәйтерек» «Самұрық-Қазына» ұлттық холдингінің құрамынан шығарылады. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» қорының 6 компаниясын бәсекелестік ортаға тапсыру көзделсе, ұлттық әл-ауқат қорының 6 ұйымдағы жекеге қызмет түрлері қысқартылады», – деген еді. Өрине, кез келген бастамаға сын-пікірдің айтылуы орынды. Жекешелендіруге қатысты да сарапшылардың ұстанымы әрқилы. Бірі жекешелендіру экономикалық балаңасты бұзып, нысанның болашағын бүлдіреді деп санайды. Енді бірі әлемдік тәжірибені алға тартып, нысандар мен ұйымдар жекеңі қолында болса, әлемдегіда табысты нәтиже көрсететініне сенімді. Байқағанымыз, әрбірінші салмақты себепі бар.

Қарсылардың басым дені нысандардың әлеуметтік маңызына қарай ойысуда. Яғни, көбі білім беру мен денсаулық сақтау нысандарының жекеге өткеніне наразы. Айтуынша, жекеменшік әлеуметтік нысандар халықтың пікірін өскере бермейді. Бұл туралы бұрынғы сала министрі Елжан Біртанов алғашқылардың бірі болып ресми жауап қайтарған болатын: «Қалалық ауруханаларға көп ақша салу

Берен ШАҒЫРОВ

Жуырда Сыр өңірінде де ұлттық өнерді насихаттаған маңызды шара ұйымдастырылды. Облыс орталығында ақылпаз күші Өлшекей Бектбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Дәуірлер бейнесі домбыра үнінде» атты республикалық күйшілер байқауы өтті. Қазақстанның түпкі-түпкірінен келген 25 талапкер 250-ге жуық күй орындап, Сыр аспанын домбыра үніне бөлді.

Конкурсқа қатысушы талапкерлер кәсіби шеберлігін танытуға барын салып, әрбір күйді нақышына келтіре орындауға тырысты. Өнерпаздарға күйші, Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі Еркін Нұрымбетов, Қазақстан композиторлар және журналистер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Балтабай Нұржанов, Өлшекей Бектбайұлы атындағы республикалық дәстүрлі өнерді дамыту қоғамдық қорының атқарушы директоры Марат Жанғазы секілді зиялы қауым өкілдері баға берді. Сондай-ақ үміткерлердің әлеуетін бағалауға Дина Нұрпейісова атындағы халықаралық күйшілер байқауының лауреаты Аяғөз

Нұрсұлтан, Мәдениет саласының үздігі Өлімжан Өбсадықов та атсалысты.

Жалпы күйшілер байқауының Өлшекей күйшінің мерейтойы қарсаңына түспә-түспә келуі тегін емес. Себебі Сыр өңірінің біртуар перзенті, шерте күйдің шебері, дәулескер күйші Өлшекей Бектбайұлының тағдыр-талайы мен шығармашылық жолы өзгеден ерек. Күйшінің әулеті өткен ғасырдың жуырмасының жылдары «Қызыл бөлшектердің» жаласына ұшырап, әуелі Өзбекстанға, онан әрі Тәжікстан арқылы Ауғанстанға қашуға мәжбүр болған. Өмір қиындығына мойымаған өнер иесі еліне деген сағыныштан терең иірімге толы қаншама күй шығарды. Өмір сүрген ортаның тыныс-тіршілігімен астасып жатқан, музыкалық образы жағынан симфониялық сипатты бейнелітін шығармалар арқылы бүтін күй мектебінің іргетасын қалағаны белгілі. Мұнан бөлек, әрбір күйінің музыкалық құрылымы терең, мағыналық мәні жоғары екенін де айта кеткен жөн.

Шет елге қоныс аударып, елінен алыс жерде көз жұмған Өлшекейдің артында бірде 50, тағы бірде 100-ге тарта күй қалған деген деректер айтылады. Бүгінде оның «Тоқырау»,

«Нарсоққан», «Қара жорға», «Адаққан қаз», «Айша мен алты тарақ», «Бөпемен тартыс», «Егілген», «Бөйге», «Тай қуу» және «Ақу кеткен», «Егес», «Жаяу кербез», «Отарба», «Тайшұбар», «Тепеңкөк», «Терісқапай», «Шерлі» сияқты оннан астам күйлері мәдени оралымға еніп келеді. Кейінгі жеті күйдің орындаушысы Тынысбек Дүйсебеков болса, «Тоқтаған», «Толқын» деген күйлерді жеткізген Өздіқадыр Өздіқалықов. Олар «Қазақ күйлері» антологиясының Сыр өңірі күйшілік дәстүрі деген тарауына енген.

– Қазақтың маңдайына біткен аса дарынды күйші мұрасы ұлтымыздың рухани байлығы екені даусыз. Байқаудың басты мақсаты – жас ұрпақты өнерсүйгіштікке баулып, күйге деген сүйіспеншілігін арттырып, халқының өлең-жұры мен салт-дәстүрін берік ұстануға тәрбиелеу. Осы орайда Өлшекей күйлерінің рухани мәні зор. Бүгін байқауға қатысқан әрбір үміткер тарихтың, өнердің мәнін ұса біледі десек артық емес, – деді Еркін Нұрымбетов.

Конкурс қорытындысы бойынша Құрақтың Досжаны атындағы арнайы жүлдемен Нартай Нұрмағанбетов

(Қызылорда қаласы), Тасболат Сқақов атындағы арнайы жүлдемен Қайрат Байғұтты (Орал қаласы), Қазанғап атындағы арнайы жүлдемен Елеусіз Ардақ (Астана қаласы), Өмірзақ Мырза атындағы арнайы жүлдемен Өмірзақ Расул (Петропавл қаласы), Жалдыбай атындағы арнайы жүлдемен Сырым Шонбаев (Алматы қаласы) марапатталды.

Сайыстың қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ орынды Алтын Махмұт (Алматы қаласы), Темірхан Биіт (Алматы қаласы), Қуандық Алпанов (Ақтау қаласы) иеленсе, ІІ орынды Әділет Жолдығали (Орал қаласы), Жақсылық Галымжан (Шымкент қаласы), І орынды Бекзада Достиярова (Астана қаласы) және Нұрғали Әшімхан (Алматы қаласы) еншіледі. Ал конкурстың бас жүлде иегері Шмелі ауданынан келген Әділбек Тәшімов атанды.

Сонымен қатар, Өлшекей Бектбайұлы қоры Ардақ Елеусіз және Әділбек Тәшімовті «Өлшекей Бектбайұлы» төсбелгісімен марапаттады.

– Қазақ халқының тарихы, тұрмыс-тіршілігі, өмір туралы философиясы, сырлы сезімге толы асыл

«СЫР СҮЛЕЙІНЕН» ҚАЛҒАН ІЗ



Қазақ халқының ардақ тұтар ұстыны, ішкі әлемінің қайнар бұлағына айналған күй өнері тым ерек. Онда ұлт тарихы мен болмысының мол кені бар. Асыл қазынаың бүгінге дейін жібі үзілмей келе жатқаны да халыққа жақындатығынан болса керек. Сондықтан жыл сайын түрлі аймақта күйшілер байқауының өтуі, дәулескер күйшілер мұрасының дәріптелуі кеше мен бүгінгі жалғасы іспетті.

арманы домбыраның қос ішегінен шығатын қоңыр сазында жатыр десек, артық айтқандық емес. Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен күйлердің бірде мұңлы, бірде жүрек тебіренер нәзік сазы, енді бірде мың сан тұлпар тұяғының дүбіріндей екпіндеткен қажыр-қайратқа толы үні – осы ойымыздың айқын айғағы. Ал осы

асыл мұрамызды қастерлеп сақтап, қаймағын бұзбай кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз. Бүгінгі «Дәуірлер бейнесі домбыра үнінде» атты республикалық күйшілер байқауына қатысуғағы негізгі мақсат та өнерді насихаттау еді, – дейді Байғұтты Қайрат.

Берен ШАҒЫРӨВ



Мәдениет саласына ерекше леп әкеліп, өнерге адал қызмет етіп жүрген жастар жеткілікті. Олар ауданда, алыс ауылда еңбек етсе де шығармашылық туындылары көпті мойындатып келеді. Алдыңғы буынның жолын жалғап, ауданның атын абыроймен көпке танытып жүрген Мадияр Махамбетовтың талантына көпшілік таңдай қағып жүр. Осы аптада сахнаны киелі орын санайтын жас режиссермен тілдесудің сәті түсті.

Өнердегі алғашқы қадамын Қызылорда қаласындағы Жастар театрынан бастаған Мадияр Махамбетовтың мәдениет саласында атқарып жүрген еңбегі ерекше. Бүгінде Шамшат Төлепов атындағы Қармақшы аудандық мәдениет үйінің жанынан құрылған халық театрында режиссер қызметін атқаратын оның тың жобалары көп.

– Оңталпаң Нұрмахановтың жетекшілігімен құрылған қалалық Жастар театры қазірде қарқынды жұмыс істейде. 2018 жылдың желтоқсан айына дейін сол театрда өнер саласының қыр-

сырын түсініп, сахнаға бейімделдік.

Сахнаның киесін де А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде жүріп терең түсіндім және алдыңғы буынның барлық жақсы қасиеттерін бойыма сіңірдім. Бұл орта маған үлкен сабақ пен тәжірибе алары болды, – дейді жас режиссер.

Қармақшыға келген талант бар білгені мен бай тәжірибесін ортаға салып, әріптестерімен бірге жан-жақты жұмыс жасай бастады. Өтпүрлі бағыттағы іс-шаралар, поэзиялық, прозалық кештер, тікелей театрға қатысты тың дүниелерді ұсынып қана қоймай, байқауларда да топ жарып үлгерді. 2019 жылы Қанат Жүнісовтің «Алғашқы

махаббат» комедиясын көпшілік назарына көрсетумен бірге тұрғындардың жылы ықыласына бөленді. Ал 2020 жылы елді түгел эпидемиологиялық ахуал алаңдатқан тұста онлайн форматта ұйымдастырылған облыстық «Абай әлемі» атты халық театрларының байқауында Ерсайын Төлеудің «Абай» трагедиясын сахналап, жүлделі екінші орынды театр қоржынына қосты. Сол жылы жарыққа шыққан «Бестін шайы» жобасы да тұрғындарға үлкен серпіліс әкелді. Сұхбат форматында бастау алған ауқымды жоба рухани-танымдық бағдарлама ретінде жоғары бағаланды. Халық қолдауы мен ықыласының нәтижесінде бір жылда жиырмаға жуық түсірілім жұмыстары жасалып, жобаның ғұмырын ұзартта түсті. 2021 жылы «Бестін

Осы еңбегі үшін жас режиссер қала, аудан әкімінің басқарма басшыларының алғыс хатымен марапатталып келеді.

Байқағанымыздай, Мадияр Махамбет тек театр қойылымын ұйымдастырумен шектеліп қалған талант емес. Қолы қалт еткенде аудандық іс-шараларда бой көрсетіп, көш жүргізуші ретінде көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыялап үлгерді. Мұның өзі Мадиярдың өмірлік ұстанымына берік екенін аңғартады. Себебі өнерпаз жігіт «Мәдениет саласында қызмет ететін адам жан-жақты болу керек. Үздіксіз ізденіп, үнемі дамып отыруы қажет» деген қағиданы басты ұран еткен. Елгезек жас қоғамның түрлі саласындағы жаңалықтарды қапт жібермей, санада саралауды өздетке айналдырған. Осы орайда Мадиярдан саладағы қандай

арқылы толтыратыны анық. Бұл мәселені барлық өңірдегі әріптестеріме үндеу ретінде айтқым келеді. Қазір мен осы бағытқа ерекше ден қойып, жұмыс жасаудамын. Жалағаш ауданында үздік деп танылған «Тендерге түскен келіншек» қойылымы да қазіргі қоғамдағы жас отбасылар арасындағы мәселелерді суреттейді. Біз өзіміз көтерген актуалды тақырыпты жан-жақты, терең қозғап қоймай, сол мәселенің шешімін халықпен бірге іздеуге тырысамыз, – дейді М. Махамбетов.

Өнер адамының үлкен арманға ұмтылмайтын кезеңі болған емес. Олар халықтың рухани әлеміне бар жақыны беру үшін алтындай құнды уақытын, маңдай терін арнауға әзір. Мадияр да өнерге, сахнаға өмірі арнаған жандардың бірі. Содан болар оның алдығы жоспарлары да мәдениет

«МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІН ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ ІЗДЕЙМІЗ»

шайы» бағдарламасы Қармақшы ауданына қарасты елдімекендерге сапарға шықты. Шалғайдағы аудандарда танылған таланттармен әңгімелескен Мадияр қызықты материалдардың қатарын толықтырды. Аталған абыройлы еңбектің бәрі Қармақшы аудандық мәдениет үйінің фейсбук әлеуметтік парақшасында үздіксіз жарияланып отырды.

Ал билығы жыл Мадияр үшін де, мәдениет ордасы үшін де үлкен жетістіктерге толы болды. Себебі Жалағаш ауданында өткен Тынымбай Мадиев атындағы халық театрларының облыстық байқауында аудандық театр жүлделі бірінші орынды қанжығасына байлады. Театр ұжымы бұл байқауға Медеу Сәрсенкеңің «Тендрге түскен келіншек» драмасының бірінші бөлімін сахналаған болатын.

олқылықтар мен мәселелерге көңілі толмайтынын сұраған едік.

– Бұрынғыдай емес, қазір мәдениет саласындағы жалақы мәселесі жылдан-жылға реттеліп келеді. Алайда жастар ұсынған жобаларға мемлекет тарапынан әлі де болса қолдау көрсетілсе құба-құп. Қазіргі кезде мені аудандардағы мәдениет үйлерінде жұмыс істейтін ансамбль, фольклор, оркестрлік құрамның мықты дамымай отырғаны алаңдатады. Өрі театр ұжымдары тарихи драма, Тәуелсіздік тақырыбындағы спектакльдерді ұсынуға басымдық береді. Өрине, бұл тақырыптарды жиі қозғаған дұрыс. Алайда қазір халыққа қоғамда белең алған оқиғаларды сахналаған тақырыптар өзекті және олар ешқашан маңызын жоймайды. Өйткені көрермен өзіне қажет дүниені, рухани бос кеңестігін біздің қойылымдар

саласымен біріккен.

– Жыл сайын қоғамға қажет, халық сұрасына ие болатын құнды дүниелерді ұсынуға мақсат еттім. Бұл бағытта жастардың айтары да, берері де көп. Сондықтан олардың тың, ерекше идеяларын жарыққа шығару мақсатында YouTube арнасын ашу жоспарыма да бар. Сондай-ақ режиссер ретінде түрлі жанрларды, әсіресе комедия, психологиялық бағыттағы қойылымдарды сахналауға еңбек етіп келеді, – дейді кейінкеріміз.

«Жастардың көрсет, еліңнің ертеңін айтатын» деген екен болашағына қам жеген бір адамға өйгілі данышпан. Мадияр тәрлізді ұстанымы берік, өнерге адал, жанашыр жасты көргенде аудандағы мәдениет саласының әлі-ақ көркейіп, кемелдене түсеріне сенім арта түседі.

Гүлдана ЖҰМАДИН



Технология күн санап қарыштап дамыған уақытта ақпараттық технологияларды қолға алу, оны дамыту өзге мемлекеттерде жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Қазақстандықтар да бұл саланы меңгерген. Кәсібилігімен әлемге танылған IT-майталмандар бар.

Жақында қызылордалық IT мамандар Ташкентке сапар шекті. Көпшілікке есімі таныс маман Алмат Қуанышбаев бастаған топ Өзбекстан астанасы – Ташкентте тәжірибе алмасты. Оның ішінде бұл салада жетістікке жеткен, біршама жобалардың авторы болған оқушылар қамтылған. Сондай-ақ IT маман, «Компас» жобасының құрылтайшысы Әсетхан Баймұраза да бар. Оның бағдарламалау мектебінің құрылтайшысы ретінде сапарды өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында егжей-тегжейлі ақпараттандырып отырғаны қуантады.

Сапарға келсек. Қос ел арасындағы байланыс бұған дейін де жүйелі. Іс-сапар барысында келісім әрі қарай күшейіп, ақпарат алмасу үлкен нәтиже берді. Өзбекстанда ашылған IT мектепте оқушылар теледидар, телефон секілді құралдарды құрастыруды меңгеріп келеді екен. Қызылордадан барған оқушылар да тың мәліметке қанық болып, IT салаға қатысты барлық технологияларды көзбен көрді.

– Бұл тиімді сапар болды. Біз IT мектебін аралап, таныстық. Іші өте өдем, мықты технологиялар қойылған. Мұнда да бұл салаға қызығушылық танытатын оқушылар көп. Біз екі елмен келісім шарт жасастық, Алмат Қуанышбаев көпжылдық тәжірибесін тарқатты. «Компас» жобасына келер болсақ, жобаның негізгі мақсаты – 9, 10, 11 сынып оқушыларына жаңа мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру. Бұл сапарда оқушылар ғана қамтылды, алдағы уақытта ұстаздарды да қатыстыру жоспарда бар. Өзбекстанның IT паркімен бірлесіп жобаны қолға алу, оны жүзеге асыруда үлкен мән жатыр, – дейді Әсетхан.

Түлектердің көбі осы салаға басымдық береді. Себебі жаңа технологияны игеруге, тың дүниені үйренуге құмар. Бұл – қуанышты жаңалық. Айта кетейік, облыстық «Жастар ресурстық орталығындағы» IT-паркте мектеп оқушыларын жиі кездестіруге болады. Олар мұнда білмегенін үйренуді мақсат етеді. Бұл тұста IT-парктың үлесі айтарлықтай. Оның үстіне орталықтағы IT мамандар карантин кезінде ерекше жобаны қолға алған еді. Тұрғындар істен шыққан компьютерлік құрылғыларды өткізді.

ТАШКЕНТТЕ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

мамандар оларды жаңартып, компьютерге мұқтаж отбасыларға табыстады. Бұл жоба қазір де жүзеге асуда және көпке пайдасы тиіп жатыр. Бұған қоса біршама жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан IT-парк жастардың стартап-жобаларын әзірлейтін алаңға айналды. Жастар мұнда жобаларын жүзеге асыру үшін инвестор тарта алады. Осының арқасында облыста жаңа технологиялардың сырын түсіне білетін жаңа буының қатары арта түсті.

– Әлем сандық ақпараттар ағымымен ілгері жылжып келеді, яғни IT саласының маманысыз болашағымызды елестету мүмкін емес. Болжамдарға сүйенсек, 2030 жылға қарай бірнеше жаңа мамандықтар қалыптасады әрі барлығы технологиямен тығыз байланыста болады. IT саласы бойынша білім алушылар саны артып жатыр. Сөйкесінше, бәсекелестер қатары да көбеймек, – дейді Әсетхан.

IT мамандар – кез келген мемлекеттің дамытатын бірден-бір күш. Біріншіден, ақпараттық технология маманының саласы елдің цифрлық экономикасын алға жылжытуға әсер етеді. Екіншіден, олар елдің инновациялық өрі технологиялық потенциалын арттырып, өмір сапасын жақсартады. Үшіншіден, халыққа көрсетілетін қызметтердің деңгейі жоғарылайды. Болашақта мемлекеттер арасындағы бәсеке халықтың компьютер сауатымен, жаңа технологияны енгізу қарқынымен өлшенеді. Цифрлық экономика қай деңгейде болса да, IT-мамандарға сұраныс азаймайды. Жас түлектердің IT-ға қызығушылығы заман ағымымен келеді. Себебі кез келген өзге маман иесіне технология тілін түсіну – аса маңызды.

Мәлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

◀ ДЕРЕК-ДӘЙЕК

ШЕТЕЛДІК ЖЕТЕКШІ IT-КОМПАНИЯЛАР

Соңғы деректерге сәйкес, елдегі үздік шетелдік компаниялардың қатарында Playrix, Tinkoff bank, Nexters, Indriver, MyTo-на бар. Мұндай алпауыт компаниялардың келуі әлемдік ахуал мен елдегі IT әлеуетке тәуелді болса керек.

Қазақстан мүмкіндігінше көп шетелдік IT-компаниялар мен мамандарды елге тартуға тырысып жатыр және ол үшін қолайлы жағдай жасап, барлық қолдау көрсетілуде. Бұл жұмысты цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі атқаруда.

“Астана” халықаралық қаржы орталығында “бір терезе” қағидасы бойынша экспорт-орталық базасында шетелдік IT-мамандарға арналған арнайы қызмет іске қосылды.

Соңғы екі жылда IT экспорты екі есе өсті. Өткен жылы IT нарығының көлемі 3,6 миллиард долларды құрады.

Жылдан-жылға Сыр өңіріндегі IT саласы ерекше серпін алып келеді. Оған жас дарындар мен талантты өнертапқыштардың тың жобалары дәлел. Жуырда Қызылорда облыстық «Ақпараттық технологиялар орталығы» мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ауқымды интеллектуалды көш ұйымдастырып, жаңа бағыттағы идеяларды ортаға салды. «PechaKucha Night Kyzylorda. IT trends» тақырыбында өткен қызықты іс-шара жастардың жаңа білім алуына мүмкіндік сыйлайды.

Жапондық әдіс бойынша өткен жастардың басқосында IT саласына қатысты түрлі тақырыптар жан-жақты сарапқа салынды. Қатысушыларға жаңа технологиялар аясындағы мүмкіндіктерді, IT бағытындағы тың идеялар мен жаңалықтарды жылдам әрі түсінікті жеткізуді мақсат еткен кешке Жұбатқан Нұрғалиев, Айдос Елшібек, Айбек Оразбаев, Алмат Қуанышбаев, Қазі Бек, Индира Ақжігітова сынды кәсіби сала мамандары жиналды.

«PechaKucha» сөзі жапон тілінен аударғанда «өңгімелесу» мағынасын білдіреді. Бұл – баяндамалар мен презентацияларды ұсынудың үлгісі. Ерекше форматтағы қозғалыстың алғашқы жиыны 2003 жылы бастау алған. Астрит Клейн және Марк Дитам аталған жүйенің негізін қалаған.

– Осы жолы ұйымдастырылған интеллектуалдық кеште «GameDev. Қазақша стиль» тақырыбында өз ойымын бөлістім. Замандастарыма америкалық Epic Games компаниясының Unreal Engine төрт ойын қозғалысында жұмыс және ойын жасау жолдарын көрсеттім. Одан бөлек 3 Ds Max программасында жасалған 3D модельдер мен визуализация жұмыстарын, сондай-ақ аймағымызда жасалған жобаларды талқыладық, – дейді спикер Қазі Бек.

Қызылордада «PechaKucha» форматындағы шара алғаш рет 2019 жылы ұйымдастырылды. «Жастар жылы» аясында өткен жиын білім, ғылым, кәсіпкерлік, ішкі туризмге қатысты тақырыптарды қамтыған болатын. Алғашқы жиын барысында спикерлер Нұрлыбек Ахатаев «Химиясыз



Бастапқыда тек сәулетшілер мен дизайнерлер үшін ойластырылған бір реттік іс-шара уақыт өте келе бүкіл әлемге танымал болды.

«PechaKucha Night Kyzylorda. IT trends» – қазіргі таңда әлемнің 1000-нан астам қалаларын біріктіретін халықаралық қозғалыстың бір бөлігі ретінде Қызылордада 3-ші рет ұйымдастырылды. 180-нен аса қатысушылар бас қосқан жиында «Қиялдан – реалға кәсіпкер», «IT өмірге саяхат», «NoCode арқылы миды жаулау», «Жасанды интеллект: Досың ба, қарсыласың ба?», «IT мамандарға арналған ТОП дағдылар», «GameDev. Қазақша стиль», «Адам мен робот қарым-қатынасында психология мүмкін бе?» тақырыбындағы презентациялар таныстырылды.

елестету мүмкін емес 20 сала», Алмат Қуанышбаев «Хакингтің 20 құралы», Ерлан Мусаев «Қызылордада баруға тұрарлық 20 орын», Сабыржан Кеншілік «Бақытты болудың 20 қадамы», Ердаулет Есмағамбет «Кітап оқып кету үшін 20 кеңес», Сәуле Қалыбай «Сатылатын контент жазуға 20 кеңес» тақырыптарын қамту арқылы қатысушыларды қызықтыра түскен жиын жалғасын тапты.

Жастардың еркін пікір алмасу аймағына айналған кездесу екінші мәрте 2021 жылы өткізілді. Сол сәтте де IT саласының мамандары өз бағыттары бойынша технологияларды қарапайым түрде түсіндіріп, технологиялар аясында дамуға, мансап бастауға болатын мүмкіндіктермен бөлісті.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Аталған орталық — 2019 жылы Сырдарияның сол жағалауында бой көтеріп, бүгінгі күнге

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Сыр еліне арнайы іссапармен келіп, жұмыс бардамасы аясында облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің жұмысымен танысты.



көрсетіп жатқан ҰЕҰ жұмысына қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу, қоғамдық секторды дамыту және аталған ұйымдардың жұмысын жүйелендіру бойынша ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Бұдан кейін министр «Жастар орталығында» тұрақты жүргізілетін «Ерлік сабағына» қатысты. ҚР Қарулы Күштері ардагері, запастағы полковник М.Ршауов, запастағы подполковник Б.Бекниязов

концерт залында сырбылдық жас ақындардың қатысуымен өткен «Бейнепозиция» кешіне қатысты. Шарада аудандық орталықтардың басшыларымен, белсенді жастармен, жас ақындармен және студенттермен танысып, естелік суретке түсті. «Жастар орталығында» сонымен қатар 4 үйірме, антикафе, кітапхана, гимнастика залы тәулік бойы жұмыс істейді. Қазіргі таңда жастарды қолдау және әдістемелік сүйемелдеу — орталық жұмысының негізгі өзегі. Сапар соңында министр

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТҮТҚАСЫ – ЖАСТАР

дейін аймақ жастарына үлдісіз қызмет етіп келе жатқан бірегей мекеменің бірі. Орталықты аралау барысында министр «Мұмкіндіктер алаңымен», 2019 жылы қоғам белсендісі Талғат Мемдібаевтың бастамасымен құрылған «Кітап құрттары» ұйымының жұмысымен танысты. Мұнда ғылымның жаңа жетістігі «ПАЛІМЕР – 3» автономды генераторын құрастырған жергілікті өнертапқыш Марат Палимахов құрылғының қызметін тарқатты. Сонымен қатар министр орталық жанынан құрылған «Аиқат алаңы» дебат клубының кезекті сайысына куә болып, пікірсайысшыларға сөттілік тіледі.

Дархан Қуандықұлы жастарға жан-жақты қызмет көрсететін зияткерлік демалыс орны саналатын «Со-

working» орталығының жұмысымен де танысты. Жастарға сан түрлі бағытта қызмет көрсету сапасын еуропалық тәжірибеге негіздеу мақсатында жұмыс жасайтын бұл орталық заманауи құрылғылармен жабдықталып, цифрлы жобалар енгізу мәселесімен айналысуда.

Министр сапары барысында Азаматтық альянстың Үкіметтік емес ұйымдарды дамыту бойынша жүргізіп жатқан жұмыстарын көрді. Онда «Самұрық инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі Ж.Тұсмағамбетов «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығына» бөлінетін гранттық жобаларды ауылдық жерлердегі ҰЕҰ-ды дамытуға бағыттау, заң шеңберінде басқа өңірлерден келіп қызмет

және Қызылорда облысы қорғаныс істер департаментінің өкілі, майор Е.Абдуллаевпен жолығып, жас сарбаздарға сөттілік тіледі.

— Сыр елі — жыр елі ғана емес, қаншама батырды, бір-туар азаматтарды әкелген киелі топырақ. Алғаш ардақтылары да осы өңірден шыққан. Солардың ерлігі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі. Сондықтан сіздерге көп рахмет! Істеріңізге сөттілік тілеймін! — деді министр.

Дархан Қуандықұлы компьютерлік технологиялар мен түрлі жобалар, робототехника, ақпараттық жобалар жасалатын «IT PARK» орталығының қызметімен танысты. Орталықта жастар шығармашылығын қолдау мақсатында түрлі шаралар мен көштер ұйымдастырылады. Министр орталықтың

орталық жұмысына оң бағасын беріп, шығармашыл жастарға ыстық ықыласын білдірді. Сенім артағынын жеткізді.

— Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша үкімет мүшелерінің өңірлерге сапары белгіленген. Соның аясында алғашқы сапарында Қызылорда өңіріне келіп отырмын. Жастармен кездесуден үлкен әсер алдым. Өсіресе, аудандардан келген жастардың бастамашыл және шығармашыл ынтылары қаты қуантқаны рас. Мұнда түрлі салалар қамтылып, «NEET» санатындағы жастармен жұмыс істеу жолға қойылған. Талантты жастарға қолдау білдіріп, дарынның дамыту бойынша да біршама жұмыстарды байқайды, — деді Д.Қыдырәлі.

Дина БӨКЕБАЙ

ТҮЛЕКТЕР ФОРУМЫ ӨТТІ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында 1 Түлектер форумы өтті. Жиында әр салада табысты еңбек етіп жүрген көшбасшы түлектер бас қосты.

Жиында ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, университет түлегі Ғалым Әміреев білім ордасы жаңа даму деңгейіне көтерілгенін және алдағы уақытта да ауқымды бастамалардың жүзеге асуына үлес қосатынын жеткізді.

Форумда «Манас» ЖШС бас директоры, іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (MBA), ағылшын тілі мамандығының түлегі София Абдуразақова, «First Heartland Jysan Bank» АҚ Қызылорда облысы филиалының директоры, іскерлік әкімшіліктендіру докторы (DBA), халықаралық қатынастар мамандығының түлегі Роман Цой, филология ғылымдарының докторы, профессор, университет түлегі Жеңіс Садуақасұлы пікір білдірді.

Айта кету керек, университетте өткен жылдан бастап Эндауменд қоры құрылды. Алдағы уақытта университет дамуына үлес қосқан шәкірттерге арнайы «Алтын түлектердің тақтасы» және «Біздің түлектер» атты электронды кітабы әзірленеді.

Сондай-ақ, бірақтар түлектер Қоры аты атындағы Қызылорда университетінің «Үздік түлек» медалімен марапатталды. Форум соңында олар еркін форматта пікір алмасып, университеттің стратегиялық дамуын талқылады. Алдағы уақытта университет пен Түлектер қауымдастығы оқу ордасын дамыту бойынша бірлескен жол картасын даярлау жөнінде келісімге келді.

ЖАЗБА АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ



Шиелиде Будабай Қабылұлының 180 жылдығына орай аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Телікөл ауылдық округі әкімдігінің қолдауымен, Ө.Тәжібаев ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Өзге сөзден өлеңге ұста Будабай» атты жас жазба ақындардың мүшәйрасы өтті.

Шарада Телікөл ауылдық округі әкімі Әлібек Сәрсенбаев сөз сөйлеп, жас ақындарға сәттілік тіледі. Әдеби байқауға аудандық оқушылар үйі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рахметұлла Жолтаев, аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Үлдіана Жақыпова, Б.Қабылұлы атындағы мәдени шығармашылық орталығының әдістемелік бөлім меңгерушісі Гүлшат Шайзадақызы қатысып, қазылық етті.

Жарыс нәтижесінде бас жүлдеге Ақсамал Тұрсын лайық деп танылды. Бірінші орынға Гүлнұрым Қармова ие болды. Ал екінші орынға Гүлсім Болатова жайғасты. Үштікті түйіндеген Жанерке Фазылова мен Нұрсәуле Пірмағанбет алғыс хат пен арнайы сыйлыққа ие болды.

ЖЫЛ КІТАПХАНАШЫСЫ КІМ?



Кітап оқитын ұлтқа айналу мақсатын жүзеге асыруда, оқырман талғамын қалыптастыруда кітапханашылар мен кітапханалардың рөлі басым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдан бастап кітапханашылар күнін ресми түрде бекіткен болатын.

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен облыс кітапханашыларының арасында «Жыл кітапханашысы — 2022» байқауы өтті. Басты мақсаты — кітапханашылардың кәсіби шеберлігін шыңдап, беделін арттыру және оң имиджі қалыптастыру. Жүзден жүйрік қызметкерлерді анықтайтын байқауға аудан, қала және ауыл кітапханашылары қатысты.

Айта кету керек, қатысушылар бірнеше кезең бойынша сайысқа түсті. Алғашқы кезең «Мен кітапханашымын» деп аталады. Мұнда қатысушылар арнайы дайындалған бейнеролик арқылы өздері таныстыруы шарт. «Үшкір ой, ұтымды жауап» кезеңінде мамандық бойынша сұрақтарға жауап берсе, «Білікті маман — креативті жобашы» кезеңінде кітапханашылар шығармашылық, инновациялық жобаларын қазылар алқасына ұсынды. Ал «Мен өлкенді жырлаймын» кезеңінде қатысушылар жергілікті ақын-жазушылардың туған жерге арналған ән-жырын орындап, өз өнерін көрсетті.

Қазылар алқасының шешімі бойынша байқаудың бас жүлдесіне Арал аудандық орталық балалар кітапханасының меңгерушісі Құндызай Шалабаева ие болды. Шиели ауданы, Көкшөк қалалық кітапханасының қызметкері Айдана Әділсерікқызы І-орынға, Жалағаш аудандық кітапханасының бөлім меңгерушісі Жансұлу Ешимова II-орынға лайық деп танылды. Қалалық №12 кітапхананың кітапханашысы Манат Кенесқызы жүлделі III-орынды иеленді. Байқауға қатысушыларға арнайы диплом, Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыстылды.

Дина БӨКЕБАЙ

Ауыл шаруашылығының бейнеті бес елі. Өсіресе диқандардың жұмысы өзгелерге қарағанда күрделі. Егіс алқаптың бабын келтіру үшін ерте көктемде еңбекке кірісіп, ала жаздай бапталған күріштен жоғары өнім алуды мақсат тұтқан диқандардың жұмысы расында қиынның қиыны. Өйткені олар таңның атқанынан кештің батқанына дейін тынбастан еңбектің тайқазанын қайнатып жүрген нағыз еңбекқорлар. Несібесін қара жерден тапқан диқанның бірі — Ержан Мұхиятдинов.



— Күріштің қанша сортын пайдаланасыздар?

— Өзге шаруа қожалығы секілді түрлі сорттарды екейміз.

Біздің қожалықтың ерекшелігі осында. Егін шаруашылығына ден қойғалы.

«Лидер» сортын пайдаланым келеміз.

— Облыстағы күріш

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Ала жаздай төккен тердің жемісін өткізуде қиындықтар бар ма?

— Жалпы өнім жиналғаннан кейін диқандардың басым көпшілігі өнімін өткізуде кедер-гілерге тап болады.

Бұл жағы бізде оң.

— Күз — диқандардың еңбегі өленетін мезгіл. Ерте көктемде басталған шаруаның өнімі ойдағыдай болды ма?

— Еңбегі еселі, бақыты бес елі күрішшілердің бейнеті күз айында сараланады. Биылғы өнім көңіл көншітерлік. «Қоғалық» ЖШС 490-гектар аумаққа сыр маржанын сеуіп, 3000 тоннаның үстінде өнім алды. Яғни гектарына шаққанда 62-центнерді құрайды. Шаруашылықтар арасында жоғары жетістіктің бірі деп есептеймін. Өрине, мұндай көрсеткіш оңайлықпен келмейді. Ең алдымен бұл ұжымның ауызбіршілігі мен еңбекке құштарлығының арқасында жеткен жетістік.

— Жыл өткен сайын егістікте су тапшылығы

сезіледі. Бұл ауылдағы диқандарды қаншалықты алаңдатады? — Мәселе қашанда өзекті. Өйткені Сырдария өзенінің төменгі ағысы саналатын Қызылордада жыл өткен сайын судың мөлшері азайып келеді. Мұндай мәселе шаруаларды алаңдатпай қоймасы анық. Быыл тапшылыққа байланысты көктемде біршама жұмыс жүргіздік. Нақтырақ айтсам, қашыртқылар мен каналдардың ішін арнайы техникамен тазарттық. Мәселенің алдын алу үшін қосымша су насосын құру да жоспарда бар. Ең бастысы диқандар топырақ өңдеу, жерді тегістеу және суару режимі секілді агротехнологиялық іс-шараларды сақтап отыру қажет.

инсти-тутының ғалымдары «Ару», «Сыр сұлуы», «Ай-керім» секілді жергілікті жаңа сорттарды шығарды. Бұлар диқандар үшін тиімді деп ойлайсыз ба?

— Республика брендіне айналған «Ақмаржан» сорты аймақтың экономикалық және әлеуметтік жағдайын қалыптастырушы тауар ретінде кең танымал болды. Соңғы жылы өңірде күріштің «Сыр Сұлуы», «Ай-Керім» сорттары қолданылып жүр. «Сыр сұлуы» — 90-күндік тиімді сорт. Ерте көктемде егіп, жаздың соңында жинап алуға болады.

— Сұраныстағы күрішке тоқталайықшы.

тайлы шешім тапқан. Демеуші-леріміз бар. «Асыл дән лтд» ЖШС Сырдария ауданына қарасты барлық қожалықтарға көмегін тигізип келеді. Сол компанияның қазіргі заманға сай жабдықталған күріш өңдейтін зауыты бар. Зауыттан күрішіміз өңделіп, өз елімізден бөлек оң төрт мемлекетке экспортқа шығады.

Өңімелескен Ерасыл Шәрібек

Өнер – адам бойындағы талантты танытатын құдіретті күш. Өнердің қай түрін алсаңыз да, шығармашылық қуат пен мәдениеттің биік өлшемін байқайсыз. Ал Сыр өңірі – белгілі бір дәстүрдің ғана жеке дамыған жері емес, тоғыз жолдың торабы, сан түрлі тарихи оқиғалар мен көзқарастар бір мүддеге тоғысқан топырақ. Киелі өңірде өрбиген өнерді дәріптеу – өнер жүгін арқаалаған әр адамға артылған аманат.

Осы орайда Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 19 кітапхананың ұйымдастыруымен Сыр өлінін шыққан талантты жастардың шығармашылығын насихаттау және өнер иелерін оқырмандармен, көрермендермен таныстыру мақсатында «Ерліктің бір нышаны – өнер» атты жергілікті ақын-сазгерлермен кездесу кеші өтті. Құрқылтаудың ұясындай құтханадағы әдеби-сазды кеш қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып жүрген талантты жастардың шығармашылығына арналды.

Атап айтар болсақ, дүйім жұрттың жүрегінен орын алған «Найзағай көңіл» әнінің сөзін, «Апағым менің» әнінің әні мен сөзін жазған ақын, сазгер, ұстаз – Әл-Фараби Бекарысулы, бастау бұлағы жыр-терме, оқығаны күйшілік, «Сен сүйген ару», «Найзағай көңіл», «Сүйемін» т.б. көптеген хит әндердің авторы – Үкітай Ерниязов, ақын, «Сыйлық», «Мөлдір өлең» жыр жинақтарының авторы – Мөлдір Айтбай және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ректорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, өнер мен өлең жанашыры – Жанар Бимұратқызы арнайы қатысты.

Кеш қонақтары көрермендермен танымал туындылардың шығу тарихымен бөлісті, сонымен бірге өнерге адал болуға және шығармашылық жолда жанкештілік танытуға шақырды.

Кеш барысында Үкітай Ерниязов терме орындаса, Әл-Фараби Бекарысулымен бірге өз шығармашылықтарынан бірнеше әсем әндер шығады. Ақын қыздар жыр шумақтарынан шашу шашты. Шара соңында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері, жас ақындар Аружан Оралбай, Бексұлтан Санақұл, Жамбыл Бақытөлі, Әли Асқар жүрекжарды өлеңдерін оқыды.

Сәуле АҚБЕРГЕНОВА



ЕРЛІКТИҢ БІР НЫШАНЫ – ӨНЕР

қажеттілігі,
мектептер
мен
жоғары
оқу
орын-

кездегі саяси, экономикалық мәселелерді, әлеуметтік, педагогикалық қажеттіліктерді халқына да, балаларды оқытатын мұғалімдерге де, тиісті өкімет басшыларына да қарата айтып, өз ұсыныстары мен талап-тілегін баспасөз беттерінде жиі-жиі жариялап отырады.

«Араб әліпбиін пайдаланған түркі халықтары ортақ орфографиялық заңдылыққа бағынған болатын. А. Байтұрсынұлы бұл жазуды ұлттық деңгейге көтерудің ең басты тәсілі ретінде араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Осылайша араб графикасына өзгеріс енгізу идеясын алғаш көтеріп, оны іс жүзінде реформалады», – деп жазады

ОҚЫТУДЫ НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК?

дары-ның қазақ баласы үшін орындардың шектелуі, хат та-итын-дардың саны мен сапасы, оқу бағдарламасы жайында сөз етеді. Мақала мазмұнында өкіметке наразылығын білдіре отырып, мектеп саын көбейтудің жолын да ұсынады. Ахмет Байтұрсынұлының бұл ұсыныстарының мақсаты – қазақ балаларын оқытуда орыстандыру саясатына өзгеріс ендіру арқылы халықтың сауатын ашуға мүмкіндік беру болатын.

А. Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» мақаласында басты керек үш нәрсені атайды: «Әуелі мектеп керекі – білімді, педагогика мен методикадан қабардар, оқыға білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы нәм сайлы болуы... Үшіншіден, мектепке керекі белгіленген программа». Осы керектерді ғалым әрі қарай тарқатып жазады. Орысша оқығандардың мұғалім болуға жарамтығын, олардың мұсылманша хат тануына немесе бірер айқастып айтса, Қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тариқы, есеп, шаруа-кәсіп, жағырапия, жаратылыс жайы».

Ғалым мақаласын «Қазаққа ана тілімен оқытуға оқу кітаптары жоқ, бірден орысша оқытуды қуаттаушы шенеуніктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс» деп қорытады. Осылайша қазақ елі оқу-білімге, еңбек етуге шақырған Ахмет Байтұрсынұлы сол

А. Бай-тұрсын-ұлы атындағы Тіл білімі ин-титуты Ахметтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері Г. Мамытбек.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазу, яғни Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі сауат ашудың ең тиімді құралы болды.

Ахан жас ұрпақтың сана-сезімін ұлттық дәстүрде қалыптастыру үшін білім берудің алғашқы сатысы бастауыш мектеп екеніне ерекше мән беріп, еңбектерінің көпшілігін жас ұрпаққа арнайды.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Тіл тарихы және түркітану бөлімінің меңгерушісі А. Сейітбекованың пікірінше, әдіскер-ғалым әр жылдары жариялаған «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Тіл жұмсар», «Әліппе», «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» еңбектерінің маңызы зор. Аталған оқу-әдістемелік құралдарын жазуда жүйелілік пен реттілік байқалады. Әуелі қазақша сауат ашуды мақсат еткен, бұл үшін «Оқу құралын» жазған. Қазақ тілінің фонетика, морфология, синтаксисін, яғни грамматикалық құрылымын үйрету үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл құралды» жазғаны мәлім. Дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазуға үйретуге «Тіл жұмсарды» жазып, сонан кейін тілді оқыту методикасына кіріседі. Сабақты осы оқулықтар бойынша

үйрететін мұғалімдерге арнап «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Баяншы» нұсқаулықтарын жазады.

1926 жылы жарық көрген «Әліппі. Жаңа құрал» аталатын оқулығы өз заманына лайық әліппе жасаудың озық үлгісі болды. Бұл оқулықтың жаңалығы дыбыс әдісімен қатар «тұтас оқу» әдісі қосылуында. Сондай-ақ, алдыңғы оқу құралдарымен салыстырғанда бұл оқулық суреттермен көркемделген. Мұнан сауат ашу оқулықтарында, яғни әліппеде сурет көбірек болуы түсініп оқуды жеңілдететін сол кезде-ақ дәлелденгенін байыптаймыз.

Сонымен қатар қазіргі күнде дәстүрлі оқытудан жанартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алудың бастапқы алғашқы күнделікті өмірге қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқуының бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» көрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ.

Ахмет Байтұрсынұлы – туған халқының бейбіт, өркін өмір сүруіне, ұрпағының сауатты болуына бар ғұмырын арнаған, сол жолда аянбай қызмет еткен күрескер-ғалым. Ұлт ұстазы туралы Сәкен Сейфуллин «Қазақтың басқа оқығандары шен іздеп қызмет қылып жүргенде, сол заманда Ахмет Байтұрсынұны қазақ халқының қамын ойлаған жалғыз кісі еді» деп бағалайды.

«Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тілгелі түсіру». Ғалымның сол кездегі мұғалімдерге қазақ тілін оқытудың әдістерін ұсына отырып «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Қазақ тіл білімінің атасы әрі реформаторы ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері, ондағы әдістер мен теориялық тұжырымдар ешқашан өзектілігін жоймақ емес.

Сәуле ЖОЛШОРАЕВА,
№211 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Қиялға қанат бітірсем, болашақ өлемнің кеңістігін шарлаймын. Айнала өсем, жан-жағым құлпырған табиғат. Біз күткен бақыт пен сенген арман орындалып, мемлекеттің де мерейі тасыпты. Шат-шадыман тұрғындардың қуанышы жалын атқан жанардан, басқан ізден, сөйлеген сөзден байқалатындай. Ілгері жылжу көңіл қуантқаны сонша, бәрі адам танымастай өзгергенін көз көрді. Әр қалада зәулім ғимараттың саны артып, еліміз дамыған 10 елдің қатарына енген екен.

Барлығы қазақ тілінде сөйлеп, жұмысшылардың жалақысы да өсіпті. Заманауи технология мен сапалы білім, үздік медицина мен озық қорғаныс Қазақстанның ажырамас бөлшегіне айналған. Мұнан өзге көптеген оң жаңалық орын алғанды тағы байқадым. Көкіректі қуаныш көрнеп, осы

көзеге тез жетуді тілегенім жасырын емес.

Мен де қиял өлемінде бос жүрмей, кездескен жаннан болашақтың мәнін, гүлденудің жолын сұрап әлекпін. Бізді өзгеріске жетелеген қандай күш екенін білуге талпынып, сауал қоюға кірістім. «Жетектіліктің сыры неде?» деген сұраққа бәрі бір жауап қайтарды. Айтатыны: «Жетектің құпиясы бірлікте». Расында, ынтымақтың алмайтын қамалы жоқ. Кез келген қиындықты бірлесе еңсеру оңай. Содан болар, қазақ атамыз «Ынтымақ істі бітірер» деп өсиет қалдырыпты.

Қиял өлемінен бүгінге келгенімде армандаған болашақты қалыптастыру үшін бірліктің ауадай қажет екенін, елдің өркендеуі үшін аянбай еңбек ету керегін түсіндім.

Жібек БЕЙБІТШІЛІК

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ

Бүгінде жастарды тәрбиелеудің түрлі жолы қарастырылып келеді. Соның бірі жас ерлер арасында ұлттық нақыштарымыз – рәміздерді насихаттау. Рәміз – мемлекеттің тұтқажаты десе артық айтпаған болар едік. Рәміздерді насихаттаудағы мақсат – әрбір жас буын жеткіншектің Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсінігін кеңейту. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін

қалыптастыру. Оларды Отансүйшілікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге үндеу.

Шаңырақ – әлемнің біртұтастығы, мемлекеттің бастауы отбасы ошағын бейнелесе, қанатты құлпар – мәңгілік өмір, шексіз даму және Қазақстан секілді бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан халықтардың рухани

байлығының белгісі. Қанатты құлпар – болашаққа үміт артар жас ұрпақтың арманы, самғау биігі. Елтаңбадағы бес жұлдыз, жарық жұлдыз – Отанымыздың жұлдызы биіктеп, бақыт жұлдызынан нұр шашып тұрғанын білдіреді. Бидай сабақтары – молшылықтың нышаны. Біз үшін аспан ашық, жұлпар – мәңгілік өмір, шаңырағы биік, жеңімпаз, молшылық елінің перзенті болу ұлы бақыт.

Аруназ БЕКЖАН



АҚШ-тың
Миннеаполис
қаласында

БОКСШЫЛАРДЫҢ БАБЫ ҚАЛАЙ?



өткен кәсіпқой бокс кешін күллі Алаш жұрты тағатсыздана күтті. Өйткені WBA нұсқасы бойынша супер орта салмақта өнер көрсетіп жүрген Айдос Ербосынұлы жекпе-жегінен жеңіспен аяқтаған жағдайда қазақтың тағы бір былғары қолғап шебері әлем чемпионы атанатын еді. Өкінішке қарай айтулы боксшыға ондай бақ бұйырмады.

2015 жылдан бері кәсіпқойлар арасында күш сынасып жүрген 30 жастағы Айдос сол кезден бері 16 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. 11 кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Осы табыстарының арқасында Айдос әлем чемпионы атағы үшін таласу мүмкіндігіне ие болды. Қарсыласы одан алты жас кіші. Десек те майталман мамандардың тарапынан Дэвид Моррельдің әлеуеті өте жоғары бағалануда. Кубада туып-өсіп, кейіннен АҚШ-қа қоныс аударған ол өзінің мықтылығын бірден мойындатты. Кәсіпқой рингте небәрі жеті жекпе-жек өткізгеніне қарамастан Дэвид әлем чемпионы атанып қана қоймай, өзіне тиесілі алтын

қалғанда Дэвид Моррель қазақ боксшысын оң қолымен оңдырмай ұрып, ауыр нокаутқа жіберді.

Дәл осы жарыстың андеркардында Абылайхан Жүсіпов те күш сынасты. Өуесқойлар арасында әлем чемпионатында үш рет қола медалды иеленген қандасымыз кәсіпқой рингтегі үшінші кездесуінде жеңіске жетті. Бұл жолы ол

Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, әлем чемпионы Сәкен Бибосынов жанкүйерлерін жарқын жеңісімен қуантауда. Сәкен алдымен үндістандық Кумар Спаршты 4:1 есебімен жеңгенімен, алғашқы раундтарда көрермендерді біраз алаңдатып қойды. Себебі бірінші раундта төрешілер 2:3 есебімен жеңісті Кумарға берді.



америкалық Демаркус Лейтонды (8-3-1, 5 КО) екінші раундта есінен тандырды.

Бұл күндері Иорданияның бас шаһары – Амманда бокстан ерлер мен әйелдер арасындағы Азия чемпионаты өтіп жатқаны белгілі. Сары құрлық бәсекесінің екінші жарыс күнінде Қазақстан құрамасының үш өкілі шаршы алаңға көтеріліп, тек екеуі ғана келесі айналымға жолдама алды. Өкінішке қарай 63,5 келі салмақ дәрежесінде жудырықтасқан Санатәлі Төлтаев екінші кезеңде Өзбекстан құрамасының намысын қорғайтын қазақ – Руслан Абдуллаевтан жеңіліп қалды.

Қазақ боксшылары арасында Азия чемпионатының шымалдылығы 57 келі салмақтағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері (2021), жастар арасындағы Азия чемпионы Серік Теміржанов ашып берді. Түрікменстанның үкілеп қосқан үміті Ихлас Гылычжановпен шаршы алаңда жолы түйіскен жерлесіміз қарсыласын үш раундта да бет қаратпай жеңді. Бес төреші жеңісті бірауыздан қазақ боксшысына берді – 5:0. Алғашқы айналымда Абукузаил Туркиден (Кувейт) басым түскен Ихлас екінші жекпе-жегінде жерлесімізге қарсы еш айла-тәсіл қолдана алмады. Теміржанов ширек финалда жарыс қожаыны Юсеф Иашашпен күш сынасып, төрешілердің шешімімен жартылай финалға жолдама алды.

ӘСЕЛ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСАДЫ



Аймақта тұңғыш рет «гроссмейстер» атағына ие болған Әсел Серікбайдың Италиядағы жұлдеі баршамызды қуантқаны белгілі. Шахмат спортында ерекше қабілетімен көзге түскен жерлесіміздің сан түрлі жетістігі бар. 3 дүркін әлем, 7 дүркін Азия чемпионы атанған Әсел алдағы жоспарларымен бөлісті. Ол қараша айында Азия чемпионатына қатысады.

– Алғаш рет 6 жасында шахмат әліппесін аштым. Содан көптеген жарыстарда жүлде алдым. Мен үшін шахматтың орны ерекше. Ең бастысы, өлімнің, туған жерім Қызылорданың атын барша әлемге таныту үлкен мәртебе. Алдағы уақытта жеке үйіме ашып, шәкірт тәрбиелесем деймін. Бар білім мен тәжірибемді үйреткім келеді. Сондай-ақ әлемдік жарыстарда мұнан да биік белестерді бағындыру үшін үздіксіз дайындалатын боламын, – деді Әсел.

Шахматта «гроссмейстер» атағы XIX ғасырдың бастапқы кезінен беріледі. Оған ірі халықаралық турнирде жүлделі орын алған спортшылар лайықты деп танылған. Елімізде ол 1935 жылы алғаш рет М. Ботвинникке берілген. Қазіргі таңда еліміздің мұндай атақа қол жеткізген Ринат Жұмабаев, Дәрмен Садуақасов, Муртас Қажығалиев, Жанася Әбдімәлік, Бибисара Асаубаева, Гүлісхан Нақбаева сынды спортшылар бар.

«АСТАНА» – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ



Футболдан премьер-лиганың кезекті маусымы тәмамдалды. 22 рет өтіп жатқан ел біріншілігінде елордалық «Астана» 7 мәрте жеңімпаз атанды.

Жеңімпазды анықтау соңғы турға дейін жалғасын тапты. Алтын кубокқа «Ақтөбе» мен «Астана» талас жүргізе, қола жүлде «Тобылға» бұйырды. Соңғы турда «Астана» түзде қарағандылық «Шахтердан» айласын асырды. Бұл жолы Бабажан шәкірттері алаң иелеріне 3 гол соқса, кеншілер 2 гол соғып, есеп айырмасын қысқартты. Ал «Ақтөбе» өз алаңында «Қайратты» қабылдап, 4-1 есебімен басым түсті. «Тобыл» Оралда «Ақжайықты» 3-1 есебімен жеңді. «Мақтаарал» мен «Ордабасы» тең тарқасса, «Тұран» «Таразды» 3-2 есебімен сан соқтырды. «Қызылжар» ақтаулық «Каспийды» ірі есеппен жеңіп, премьер-лигадағы орынын сақтап қалса, «Ақсу» 2-1 минималды есеппен «Атырауды» ұтты.

ТЕННИСШІЛЕР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА



Испанияның Санта-Понса қаласында 12 жасқа дейінгілер арасында Tennis Europe сериясы бойынша өткен бірінші санаттағы жарыста Найла Баймаханова күміс жүлдеге қол жеткізді. Ол жеке-кей сындағы финалда ресейлік Софья Якухинаға есе жіберді.

Грекияда екінші санаттағы осындай додада Жантөре Санжарұлы жұптық сында чемпион атанды. Ол намибиялық Исраэл Довемнен бірге соңғы бәсекеде грекиялық жұпты 6:2, 6:0 есебімен ойсырата ұтты. Жеке-кей сында Жантөре жартылай финалға дейін жетті.

Өскеменде үшінші санаттағы ТЕ жарыста алматылық Полина Слепцова абсолютті жеңімпаз болды. Ол жеке-кей сында финалда отандасы Аяла Мырзақұлованы тартысты кездесуде ұтты – 2:6, 6:2, 7:6 (7-2). Ал жұптық сында Ариана Колбасинамен бірге Альбина Кәкенова – Аяла Мырзақұловадан айласын асырды – 3:6, 7:6 (7-4), 10:3.

Ұлдар арасында жеке-кей сында шешуші бәсекеде Тихон Сорокиннің жеңген Ілияс Маратулы озық шықты – 6:1, 6:4. Ілияс мұнымен тоқтамай, жұптық сында Вячеслав Кауфельдпен бірге финалда Демид Горбачев – Бақтияр Ерасылды тізе бүктірді – 6:0, 7:6 (8:6).

Бетті дайындаған: ЕІШӨРІБЕК





— Өнер жаныма жақын. Бала кезден сахнада жүруді, танымал болуды армандадым. Өкемнің арқасында мақсатыма жеттім. Маған берген мотивациясы біраша жетістіктерге жеткізді. Өзі қарай да өмірімді өнермен жақындастырдым. Кәсіби білім алып, шыңдалдым. Мықты-мықты ұстаздардан дәріс алдым. Кез келген аспапта ойнауға қызығушылық таныттым. Бүгінде ерекше аспапта өнер көрсетіп келемін. Десе де домбыра тартуды, гитарамен ән айтуды, скрипка, саксафонда ойнауды білемін. Ал фагот аспабына тоқталар болсам, ол өте қызықты құрал. Фагот үні өте әдемі және дыбыстарды ажырату оңай. Тыңдарманға ерекше әсер берері анық. Бұл аспапта ойнайтындар аз, қызығушылық танытатындар бар. Десе де орта жолдан тастап кетіп жатады, — дейді кейіпкеріміз.

Кейіпкеріміздің қиын деп айтуының себебі бар. «Фагот — оркестр құралы. Мәселен сіз домбыраны он-ақ күнде үйренесіз. Себебі ол — ұлттық аспап. Гитараны да жастар тез үйреніп кетеді. Ал фаготты көпшілікпен, яки оркестрмен бірге орындайсыз. Топтық жұмысты жекепел орындау, әрине, өзгешелік әкеледі. Қызылордада

жүргенімде бұл аспаптың қыр-сырын меңгердім. Өлі де оқып, үйреніп келемін. Дұрыс ойнамаған, қателескен жерлерімді ұстаздарым айтып, көрсетіп

отырады. Ерекше аспапта өнер көрсеткеннің жауапкершілігі де көп, жүгі де жетіп артылады. Қасындағы адамдарға зиян тигізбеу, олардың еңбегін зия кетірмеуді басты мақсат етесің. Жоғарыда айтып өткенімде дыбыстың жақсы шығуы ортақ нәрсе», — дейді ол.

Музыка - адамның жан дүниесімен сезініп, жан қалауына айналатын өнер. Оны жүрек тілі дейтіндер де бар. Тіпті, біреулер музыканы көңіл кілті деп санайды. Себебі тыңдаған адамның көңілі көтеріледі, жүрек түкпірінде әдемі бір әуен салтанат құрады. Кейіпкеріміздің де адам жанына тыныштық сыйлап, өнері арқылы жүрекке жол тауып жүргені қуантарлық іс.

Мөлдір САБЫРЖАН

«МАРВЕЛДІ» МИЛЛИАРДЕР ЕТКЕН КІМ?

Жақсы маркетинг экономиканың ғана емес, идеологияның да таптырмас құралы. Киноиндустрия арқылы өзінің мәдениетін өзгертпеге сипіріп отырған корейлықтардың әр туындысы миллиардтаған табыс әкеледі. Marvel студиясының да, оның контентін асыға күтетін көрерменнің де өз өлемі бар. Өмірінің ақырғы күніне дейін өзгеше кейіпкер жасау арқылы жаңа контент құрастыруды ойлап кеткен Стэн Лидің кейіпкерлеріне бүгінгі таңда кім жауапты? Марвелдің туындылары миллиардтап қаржы жинай ма? Ең бай «кейіпкер» кім?

Атышулы киностудияның қалыптасуы өткен ғасырдың 40-жылдарында басталды. Оның негізін қалаушы, алғашқы автор Мартин Гудман жас Стэн Лидің көмегіне жүгінеді. Осылайша Marvel-дің ең танымал кейіпкерлері пайда болады: «Өрмекші адам», «Халк», «Тор», «Темір адам», «Құмырсқа адам», «Деревіл», «Магнитто», «Уолл», «Жасыл Гоблин», «Доктор Дум», «Сегізаяқ». Және олардың ішінде ең сәттісі — «Өрмекші адам» екенін мойындау керек. Кейін «Сақшылар», «Қара Рыцарь», «Адамдар» және «Қара Пантера» дүниеге келді.

«Өрмекші адамды» дүниеге әкелген әкесі Стэн Ли — американдық жазушы, актер, продюсер, сценарист, тележүргізуші, редактор және көптеген комикс кейіпкерлерінің авторы. Marvel Comics баспасының бұрынғы президенті және басқарма төрағасы. Одан бөлек Халк, доктор Странд, фантастикалық төрттік, Темір адам, Деревіл, тор, X-Men және басқа да әлемге әйгілі кейіпкерлерді ойлап тапқан автор 2018 жылы өмірден озды. Тіпті, соңғы күндеріне дейін жаңа кейіпкерді құрастырып, өзінің жолын жалғаса сценарист қызына табыстап кеткен деседі.

«Стэн Ли» деген лақап атпен танымал Стэнли Мартин Либер 1922 жылы 28 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында Джек Либер мен Селия Либердің отбасында дүниеге келген. Болашақ комикс авторының ата-анасы Румыниядан көшіп келген еврейлер еді. Кішкентай Стэн кітап оқуға, кино көруге көп уақытын жұмсайтын. Айта кету керек, Эррол Флиннің қатысуымен жасалған фильмдерді ерекше жақсы көрген. Бронкстағы Девиэт Клинтон орта мектебінде оқыған ол бала кезінде әдемі болуды армандап, шешендік клуб пен заң қоғамының құрамында болды.

Уақыт өте келе Либер жазуға қызығушылық танытып, ең танымал американдық роман жазуды

армандаған. Marvel Entertainment YouTube желісінде күніне 807,26 АҚШ доллары немесе айына 24217 доллар табыс табады екен. Ал суперқаһармандардың табысы қанша? Кейіпкерлері арқылы аңызға айналған Marvel студиясының табысына тікелей қатысты адам екеніне қарамастан сценарист Стэн Ли ешқашан өзін кәсіпкер санаған емес. Ли комикс кейіпкерлерін құрастыруды 90-ға толғаннан кейін де жалғастыра берді.

60-жылдардың басында Ли «Фантастикалық төрттік» сериясын бастап, «Өрмекші адамды» жасөспірімдерге таныстырды және «Көк алушылар» кроссовер сериясының негізін қалады. Жарты ғасырдан кейін суперқаһармандар отряды туралы үш фильм кинематография тарихындағы ең көп табыс әкелген 10 картинаның қатарына еніп, кассасы шамалы 6 миллиард доллар жинаған. The Hollywood Reporter баспасының айтуынша, қосымша телешоуларды, бейнеойындарды және сатылымдарды есептегенде Ли ойлап тапқан кейіпкерлердің қатысуымен түсірілген барлық фильм әлемдік кассадда 21,3 миллиардтан астам доллар жинап үлгерген. Ал ең бай «кейіпкерлердің» үштігіне «Қара пантера», «Доктор Дум» мен «Темір адам» тұр.

Лидің басқа авторлардан айырмашылығы — өзі де шоу-бизнеснің кейіпкеріне айналды. Оның жанкүйерлерімен кездесу барысындағы әр қолтаңбасы 120 долларға бағаланды. Бірақ жеке компаниясына тиесілі суперқаһармандарды құру әрекеттері сәтсіз аяқталды. Автордың медиа стартапы 2000 жылы сәтсіздікке ұшырап, ал оның серіктесі бағалы қағаздар нарығындағы алаңқтық бойынша айыпталып, темірторға қамалды.

Қазіргі кезде Marvel-дің иесі — Walt Disney студиясы. Президенті — Кевин Фейдж. Дисней Marvel-ді 2009 жылы 4 миллиард АҚШ долларына сатып алды. Голливудтықтар аяқ астынан қабылдаған күрделі шешімді түсініп, таңданды. Бірақ Диснейдің үлкен инвестиция салуға маңызды себептері бар еді. Марвелді сатып алғанға дейін компания тек Pixar-ға иелік етіп келді. Сайкесіне «Супертобасы» сияқты комикстерге жауапты болды.

Марвелді сатып алу Диснейге өз аудиториясын әдейі кеңейтуге мүмкіндік сыйлап, сонымен қатар қазіргі заманға таңдаулы және зұлым кейіпкерлердің қатарына қол жеткізді. Диснейліктер Өрмекші адам, X-Men, Hulk, Iron Man, Fantastic Four, Америка капитаны сияқты әлемдік иконикалық кейіпкерлерге жауапты. Дегенмен 4 миллиард долларды инвестициялай отырып, Дисней аталған сомадан бірнеше есе көп пайда табуда.

Дина БӨКЕБАЙ

ЖҰЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

(10–16 қараша)

Торпақ
Барлық бағытта құлдырауды сезуіңіз мүмкін. Бірақ позицияңызды әрқашан қорғайтын сенімді достарыңыз бар. Үйде сіз жақын адамдардан қолдау күтесіз. Бұл апта қажетті білімді толықтыруға, дене бітімін нығайтуға, ыңғайлы кезең.

Егіздер
Бар тәжірибені қолдана отырып, бұрыннан келе жатқан проблемаларды оңай жеңесіз. Жеңімпаз ретінде сәттілік, іскерлік рух сәтті үйлесімін табады. Егер жоспарлаған болсаңыз, басқа жұмысқа ауысу сәтті болады.

Шаян
Жаңа жетістіктерге толы апта болмақ. Табысқа жету үшін табандылық пен төзімділік керек. Ең бастысы, бақытты алашаққа сену қажет. Бұл апта өзін-өзі дамытуға, талантыңызды көрсетуге жақсы мүмкіндіктер ашады.

Арystан
Бұл апта арыстандар үшін өзгерістерге толы болады. Бірақ ол жайттардың барлығынан пайда күтудің қажеті шамалы. Қызмет саласында қырағылық пен сақтық танытқан дұрыс. Егер өсу болып жатса, керітартпалықтан сақтаныңыз.

Бикеш
Бикештердің жеке өмірде жолы болады. Олар көптен күткен махаббатын кезіктіріп, махаббат бесігінде тербеледі. Десе де, астрология мұндай кезде басыңызды «жоғалтып алмай», жалынды сезімнің өртіне күймей, әрбір қадамды аңдап басуға шақырады.

Тоқты
Өзгеру идеясы санаяңызға терең енеді. Сіздің сыртқы келбетіңіз де өзгеріп, басқалардың назарынан тыс қалмайды. Өзге адамдарға, жұмысқа, жалпы өмірге деген көзқарасыңызды жаңартып, жаңғыртасыз.

Таразы
Ізденіп, жақсылыққа ұмтылғандарға керемет марапат бар. Апта басы жаңа бастамалар, шығармашылық жетістіктер мен кәсіби ізденістерге толы болады. Жұлдызшыл таразыларға отбасы, туған-туысты ұмытпау керектігін ескертеді.

Сарышаян
Шығармашылық идеяны ұтымды пайдалану үшін басқаларға көмектесуге дайынсыз. Жоспарларыңызды кең ауқымды деп атауға болады. Бірақ оны іске асыруға әрдайым күш салу керек.

Мөрген
Күнделікті тіршілікті түрлендіру керек. Сіз жанаруға дайынсыз. Бұл даму сәттілік әкеледі. Сонымен қатар жаңа таныс тауып, ортада қалыптастыруға таптырмас кезең.

Тауешкі
Өзгелердің өсерінен өзіңізді жайсыз сезінесіз. Басқалардың пікіріне қайшы келмеу үшін сөзбе-сөз бағыттық таныту керек. Бұл апта сынаққа толы. Қиын таңдау тууы ықтимал.

Сұққұйғаш
Жағдайды түйсігімен сезу қабілетіңіз арқасында соңғы оқиғалардың қайталануын болдырмайды. Ол кез келген қолыңнан келе бермейді. Өзіңізге ықпалы көп адаммен ынтымақтастық құрасыз. Егер біреумен өзара тиімді одақтассаңыз, бизнесте сәттілік күтіледі.

Балықтар
Осы уақытқа дейін маңызды болып көрінген жоспардан бас тартуыңыз мүмкін. Сіз бір нәрсені жеңуге деген ұмтылысты жоғалтасыз, өз жолыңызбен жүресіз. Сонымен қатар кәсіби қызметте маңызды перспектива пайда болады.

Көзкеші редактор: М. КЕНЖЕГҮЛОВА

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
АҚМЕШІТ жастары Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Т куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.	БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ	Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8 17242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
	Кабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz
		Таралымы: 7399 Тапсырыс: 1898